

«ДАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫ

«ДАРЫН» мемлекеттік жастар сыйлығы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің дарынды жастарға берілетін мемлекеттік сыйлығы. Ол 1992 жылы бастап жасы 35-тен аспаған, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени қызметтерімен халыққа танылған, дарынды жастарға беріледі.

СЫЙЛЫҚ АЛУҒА ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- 35 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдер мен көрмелердің лауреаттары;
- Республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары;
- Қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал ететін кандидаттар.

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

- 1) кандидаттың жеке куәлігінің көшірмесі;
- 2) «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын алуға арналған тіркеу өтінімі;
- 3) қолдау хат пен ізденушінің жетістіктері туралы анықтама;
- 4) марапаттау дипломдарының, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері (бар болса);
- 5) кандидаттың немесе кандидат туралы мақалалардың, жарияланымдардың көшірмелері (бар болса);
- 6) банктік шоттың болуы туралы анықтаманың көшірмесі;

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы мынадай номинациялар бойынша беріледі:

1. Әдебиет
2. Ғылым
3. Дизайн және бейнелеу өнері
4. Журналистика
5. Классикалық музыка
6. Спорт
7. Театр және кино
8. Эстрада
9. Халық шығармашылығы
10. Креативті қызмет



Биыл 2023 жылғы 20 қарашаға дейін

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 10, «Министрліктер үйі» ғимаратында (14-кіреберіс) қабылданады. Ал электрондық нұсқаны premiya.darinn@gmail.com поштасына жолдауға болады.

Байланыс номерлері:
8(7172) 74-05-25,
8(7172) 74-18-43,
8 701 170 46 54.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы - ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында ұсынылады.

Байқау «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Креативті бастамалар», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» атты 10 номинация бойынша өтеді.

Сыйлық алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтары үміткер бола алады.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатураларды ұсынуды мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері жүргізеді.

Жеңімпаздарға «Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі және олар дипломмен, төсбелгілермен сондай-ақ қаржылай сыйлықпен марапатталады.

Жыл сайын сыйлықты ұсыну Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу аясында өткізіледі.

«Дарын» жастар сыйлығы 1992 жылы тағайындалған. Әр жылдары аталған сыйлықты түрлі саладағы 320-дан астам азамат иеленген болатын.